

Күні: 26.03.2021

Қатысқаны: мұғалім  
Қатыспағаны:

## Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және орнын толықтыру»

1. №3 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы;
2. «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және орнын толықтыру» бойынша әдістемелік бірлестіктердің жоспарының жүзеге асыру барысы- ӘБ жетекшілері.
3. 2020-2021 оқу жылының 3-тоқсан бойынша қорытындысы- ОТЮ
4. Ағымдағы мәселелер:
  - А) «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың құжаттарының реттеу және Үздік аттестатқа үміткер оқушылардың оқу барысы;
  - Ә) Ресурс орталығының 2-сессиясының қорытындысы

Бірінші мәселеде үшінші педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері мәлімет берді.

Хакимжанова М.К.: 5 «ә», 6 «Ә», 9 «б», 9 «ә», 10 «а» сыныптар бақылауға алынған болатын, бірақ 1-9 сәуір аралығында тағы да сабақтарға қатысып, толық қорытындысын шығаратын боламыз. Алайда бұл сыныптардың білім сапасы алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда жоғарылады.

Екінші мәселеде «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және орнын толықтыру» бойынша әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері баяндама жасады. Тоқсан барысында оқушылармен оқу мақсаттарында кеткен олқылықтарды жою үшін біршама жұмыстар жүргізілді. Соның бірі әр пән бойынша сынып оқушыларын топқа бөліп шақыру арқылы қосымша сабақтар өткізілді. Жүйелі түрде өткізілген қосымша сабақтардың нәтижесі сыныптардың білім сапасының артуына әсер етті.

Үшінші мәселе бойынша М.К.Кудабаева бастауыш сыныптар бойынша сыныптардың үшінші тоқсанда көрсеткен білім сапасына тоқталып өтті.

Тоқсанның соңында 0 сыныптарда 70 оқушы, 1-4 сыныптарда 510 оқушы аяқтады. 2-4 сыныптар бойынша 150 үздік оқушы, 155 оқу екпіндісі бар. Білім сапасы 82% үлгерімі 100% құрайды. Жекелей сыныптар бойынша білім сапасы:

2 «А»-96%, 2 «Ә»-82%, 2 «Б»-100%, 2 «В»-90%, 2 «Г»-71%, 2 «Д»-76%

3 «А»-87%, 3 «Ә»-90%, 3 «Б»-86%, 3 «В»-86%, 3 «Г»-83%

4 «А»-85%, 4 «Ә»-70%, 4 «Б»-72%, 4 «В»-72%, 4 «Г»-73%

К.М.Хакимжанова 5-11 сыныптардың үшінші тоқсанда көрсеткен білім сапасы туралы айтып өтті.

5-11 сыныптар арасында 556 оқушы үшінші тоқсанды аяқтады.

5-11 сыныптар бойынша үлгерім сапасы-100%, білім сапасы-65% құрайды.

Сыныптар бойынша білім сапасы жекелей пәндер бойынша өткен оқу жылымен салыстырмалы түрде көрсетілді.

2019-2020 оқу жылы 5-11 сыныптарда білім сапасы -59% болса,

2020-2021 оқу жылы 5-11 сыныптарда білім сапасы-65% құрады.

Төртінші тоқсанда 1,4,9,11 сыныптар және даярылқ сыныптардың сабақтары бақылауда болады және 5-8, 10 сыныптарда жекеленген пәндер бойынша қадағалауға алынатынын айтып өтті оқу ісінің орынбасары.

Білім сапасы төмен деңгейде тұрған сыныптар бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері өздерінің мәлімдемелерін айтып өтті.

Төртінші ағымдағы мәселеде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары алтын белгімен ерекше аттестатқа үміткер оқушыларды атап айтты және де олардың сабақтарын қадағалау сынып жетекшілеріне тапсырылды. Алтын белгіге-6 оқушы, үздік аттестатқа-6 оқушы үміткер.

Сонымен бірге НОБД бойынша мектептің жалпы бала саны тексерілгенін айтып өтті. Тексеру барысында кездескен кемшіліктерді сынып жетекшілеріне ескертіп, НОБД-ға жауапты мұғаліммен бірге сыныптардың тізімін қайта қарап шығуды тапсырылды.

Ресурстық орталықтың қорытындысымен оқу ісінің орынбасары К.М.Хақимжанова таныстырып өтті:15 ақпан – 26 ақпан аралығында екінші сессия өткізілді.Сессия уақытында 2 апталық сабақ кестесі жасалынып, 40 минуттық ұзақтықпен сабақ өткізілді.Сессия барысында 16 мұғалім жұмыс жасады.Барлық сабақтар мүмкіндігінше ЗУМ платформасы арқылы жүзеге асырылды.

Кері байланыс Whatsarr мессенджері арқылы іске асты.Дене шынықтыру сабағы 15 минуттан үзілісте сергіту сәті ретінде өткізілді.Сабаққа магниттік 3 мектептің 8,9 сыныптарының 32 оқушысы қатысты.Барлық пән мұғалімдері сабақтарын нәтижелі өткізуге,оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға жұмыстар жасады.

Логпед маманның есебі тыңдалды.

Оқушыларды автобуспен тасымалдау және ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы тәрбие ісінің орынбасары таныстырып өтті.

Қаулы:

- 1) №3 педагогикалық кеңестің қаулысының негізінде 5-11 сыныптар арасында 5 «ә», 6 «ә», 9 «б», 9 «ә», 10 «а» сыныптардың 1-9 сәуір аралығында білім сапалары тексерілсін.
- 2) «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және орнын толықтыру» бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілерінің дайындаған мәліметтері қанағаттанарлық деп бағалансын
- 3) III тоқсан бойынша мектептің білім сапасы «жақсы» деп қабылдансын.
- 4) Ағымдағы қаралған барлық мәселелер өз уақытымен орындалсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

мектеп директоры:

Хатшы:



А.А.Туркестанбаева

А.К.Сиздикова